



АСТАНА

АҚШШАМЫ

Тың деректер табылды



Елбасының тапсырмасына сәйкес «Халық тарих толқынында» бағдарламасы құрылып, осы орайда бірқатар жұмыстар қолға алынғаны белгілі. Соның ішінде ағымдағы жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында отандық тарихшы ғалымдардың Иран, Үндістан, Қытай, Мысыр, Түркия, Моңғолия, Ұлыбритания, Алмания, Өзбекстан және Ресей елдеріне іссапарлары ұйымдастырылды. Ғалымдар шетелдерде екі ай жүріп, қазақ тарихына қатысты тың деректерді тапты. Солардың бірқатары кеше ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында жария етілді. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары Нұрлан Атығаев, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкерлері Фаляя Қамбарбекова мен Нәпіл Базылхан Иран, Үндістан, Түркия мен Моңғолия сапарларының нәтижесімен бөлісті.

Иранның Тегеран, Шираз, Мешхед қалаларының кітапханаларын сүзіп шыққан ғалымдар қазақ тарихымен байланысты 30-дан астам, Сақ дәуірінен басталып, ХІХ ғасырға дейінгі деректерді қамтитын қолжазбаларды тауыпты. Атап айтар болсақ, іздеу нәтижесінде тарихшылар Қазақ – Қызылбас қарым-қатынасына қатысты деректерді анықтаған. «Бүгінгі күнге дейін тарихымыздағы Қазақ – Қызылбас қарым-қатынасы ауыз әдебиетіміздегі эпикалық жырларымыздан белгілі болатын. Ал осы Иран республикасына жасалған сапар нәтижесінде бірнеше қолжазбада Қазақ – Қызылбас арасы сөз етілгенін анықтадық. Иран кітапханаларынан елге 5 қолжазба әкеліп отырмыз. Оларда Қазақ хандығының Ирандағы Қызылбас немесе Сефивид мемлекетімен қарым-қатынасы, Сефивид мемлекетінің Шейбан әулетімен соғысы тұсында Қасым ханның осы оқиғаларға тікелей араласқандығы баяндалады. Оның Өзбек билеушілеріне өз әскерінен 160 мың адамды бөліп, көмекке жібергені айтылады» дейді Нұрлан Атығаев.

Фаляя Қамбарбекованың сөзінен Иран қолжазбаға өте бай ел екені, ол мемлекетте 360 мыңнан астам қолжазба сақталғанын білдік. Ғалым елге қазақ тарихына қатысты 25 қолжазба әкелсе, солардың ішінде ХVІ ғасырдағы дипломатиялық қарым-қатынастардан хабар беретін парсы тілінде жазылған хаттар бар. Соның бірі – Иран патшасы Шах Аббас ІІ-нің 1661 жылы Тәуке

ханға жолдаған хаты. Хаттың мәтінінен үзінді келтірер болсақ, онда: «Сіздің елшіңіз арқылы жолданған хат біздің қолымызға келіп жетті және елшіңізге барлық сый-сияпат жасалып, елге қайтарылды. Достығымыз бұдан әрі де жалғаса береді деп сенемін» деп жазылған. Сондай-ақ, хатта Тәукенің түп атасы Шыңғысхан екені, оның мықты қасиеттері Тәукеге қан арқылы берілгені айтылған. Сонымен бірге Әбдурахим ханның Тәуке ханға шамамен 1717-1718 жылдары жазған жауап хаты да табылып отыр. Хатта Әбдурахимнің өтініші және бірнеше алтын семсерлерді сыйлыққа тартқаны баяндалады.

Ғалымдар Ираннан тапқан бір олжа – Қасым ханға қатысты қолжазбалары. Ол қолжазбаларда Қасым ханның бейнесі, тұлғалығы, мінезінің жайдарлылығы, үлкендерге құрметпен қарағандығы, қолының ашықтығы айтылған.

Нәпіл Базылхан Моңғолия сапарында көне түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштерді, ұлттық кешендерді, бәдіздерді, балбалдарды зерттесе, Түркияға барып, Стамбулдағы Топқапы сарайы қорында сақталған Қазақстанның орта ғасыр тарихына қатысты көптеген қолжазбалар мен хаттарға үнілген. Мәселен, Алтын Орда кезеңіндегі хандардың жазған хаттарының көшірмесін алды. «Моңғолияда өмір сүріп жатқан қазақтарға қатысты мұрағат құжаттарын және көне моңғол тілінде жазылған «Қазақтардың заңдары» деп аталатын қолжазбаны таптық. Бұл Қазақ хандығы дәуірінен жалғасып келе жатқан «Жеті жарғының» негізгі сұлбасы секілді. Оны егжей-тегжейлі зерттеу нәтижесінде анықтаймыз. Түркияда орта ғасырлық миниатюралар көп сақталған. Ол миниатюраларда қазақтың ежелдегі тұрмысы, тұтынған заттары, киген киімдері бейнеленген. Ол миниатюралардың өзі – таптырмайтын деректердің бірі» дейді ол. Алда енді қазақ тарихының көкжиегін кеңейтетін бұл деректерді елеп-екшеу міндеті тұр. Ғалымдардың айтуынша, аталмыш жұмыс бірнеше жылдарды алады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ